

УДК 11.25.09

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ ТАБЫСТЫ ДАМУЫНЫҢ 30 ЖЫЛЫ

Ахметова Аида Маратқызы

Akhmetova_aida_18@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар мамандығының 1 курс
магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Батырша-ұлы С.

Қазақстан басшылығы тәуелсіздікке қол жеткізген күннен бастап-ақ теңгерімді, сындарлы және көпвекторлы сыртқы саясатты дәйекті түрде жүргізудің бағытын айқындап берді.

Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев атап өткендей: «Көпвекторлы көзқарас әлемдік істерде маңызды рөл атқаратын және біздің еліміз үшін практикалық қызығушылық тудыратын барлық мемлекеттермен достық және болжамды қарым-қатынастарды дамытуды білдіреді».

Сонымен бірге Қазақстанның көпвекторлы саясатының құрылысы КСРО ыдырағаннан кейін жаңа геосаяси шындықтың қалыптасуымен туындаған күрделі және тұрақсыз халықаралық жағдайда өтті. 1991 жылы әлемдік қоғамдастықтың тең құқықты мүшесі бола отырып, Қазақстан өзінің сыртқы саясатын қалыптастыру және басқа мемлекеттермен өзара қарым-қатынасты жолға қою қажеттігіне тап болды. Қазақстан Республикасына өзінің сыртқы саяси стратегиясын жаһандандыру процестері, ықпал ету салаларын бөлудің жаңа кезеңі (КСРО-ның күйреуі нәтижесінде), қалыптасқан перспективалы экономикалық нарықтарды қайта бөлу сияқты ауқымды құбылыстар аясында құруға тура келді.

Бүгінде, Тәуелсіздіктің 30 жылдығында жүргізіліп жатқан көпвекторлы саясаттың кейбір нәтижелерін ұғынып, қорытындылау маңызды. 1990 жылдардың басында Қазақстан қысқа тарихи кезеңде сыртқы саясат саласында елеулі табыстарға қол жеткізді: Қазақстанның егемендігін әлемнің барлық дерлік елдері және халықаралық ұйымдар мойындады, көпвекторлы сыртқы саясат қалыптасты, еліміздің әлемдік қауымдастықта беделі артты.

Көпвекторлы саясаттың қажеттілігі негізінен еліміздің геосаяси жағдайымен түсіндірілді. Еуразия құрлығының орталығында бола отырып, Қазақстан үшін тек

географиялық көршілерімен ғана емес, АҚШ-пен, Еуропалық Одақ елдерімен, Таяу Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Азия елдерімен белсенді өзара әрекеттесу маңызды болды.

Тығыз саяси және экономикалық байланыстар орнату арқылы, әсіресе, Қазақстан әлемдік нарыққа шығып, экспорттық мүмкіндіктерін кеңейтті.

Бұл ретте мынаны да ескерген жөн:

Біздің еліміз географиялық тұрғыдан орналасқан Орталық Азия аймағы әрқашан жетекші әлемдік державалардың назарын аударатын аймақ болды.

Ресей, Қытай, АҚШ, Түркия, Үндістан, Таяу Шығыс елдері және Еуропалық Одақ сияқты ірі аймақтық ойыншылар да әлемнің осы бөлігіне жоғары қызығушылық танытты.

Көптеген адамдар Қазақстанның мұндай геосаяси жағдайын осалдық пен қауіптілік факторы ретінде бағалағанымен, біздің мемлекет мұны халықаралық табыстың мүмкіндігі мен кепілі ретінде қарастырды.

Сондай-ақ Орталық Азия аймағында халықаралық терроризмнің, діни экстремизмнің, есірткінің заңсыз айналымының, заңсыз көші-қонның және т.б. факторлардың барлығы еліміздің сыртқы саясатын қалыптастыру мен жүзеге асыруда ескерілді.

Қазақстанның 30 жылдық тәуелсіз дамуы Елбасының негізін қалаған көпвекторлы саясат еліміз үшін ең дұрыс әрі оңтайлы саясат болғанын айқын көрсетті.

Дамудың анағұрлым жабық сыртқы саяси үлгісін тандаған немесе сыртқы саясатында бірінші кезекте бір ғана елге бағытталған посткеңестік мемлекеттердің халықаралық аренадағы мүмкіндіктерінің шектелгені анық [1].

Көпвекторлы тәсілді практикалық енгізу

Көбінесе ел басшылығының көпвекторлы сыртқы саясатты дәйекті жүзеге асыруының арқасында Қазақстан әлемдік қоғамдастықтың толыққанды мүшесі болды және өзін халықаралық қатынастарда жауапты және сенімді серіктес ретінде көрсетті.

Қазақстанның сыртқы саясат тұжырымдамасын жасауы оның әлемдік аренадағы маңыздылығын сезінуімен ғана емес, сонымен қатар сыртқы бағыттың айқын басымдықтарын анықтаумен де алдын ала айқындалды [2].

Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты негізінен шет мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты кеңейтуге және тереңдетуге бағытталған.

Қазақстанның негізгі сыртқы саяси серіктестеріне, ең алдымен, Ресей, Орталық Азия елдері, Қытай, АҚШ және Еуропалық Одақ кіреді. Таяу Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Азия елдері де Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының маңызды бағыттары болып табылады.

Осы мемлекеттердің барлығымен Қазақстан екіжақты байланыстарды үнемі нығайтып және кеңейте отырып, өзара тиімді және тең құқылы ынтымақтастық пен сындарлы өзара ісқимыл жасауға ұмтылады.

Көпжақты ынтымақтастық аясында Қазақстан БҰҰ, ЕҚЫҰ, ШЫҰ, ТМД, ИЫҰ, ЕАЭО және ҰҚШҰ сияқты маңызды және беделді халықаралық ұйымдар мен бірлестіктердің мүшесі екенін атап өткен жөн.

Оның үстіне бұл ұйымдардың көпшілігінде, соның ішінде БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінде және ЕҚЫҰ-да біздің еліміз әр жылдары төрағалық етті. Бұл Қазақстанның және жеке Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың жоғары халықаралық беделін тағы бір мәрте көрсетеді.

Қазақстанның сыртқы саясаты әлемдік нарықтағы ауытқуларға және құбылмалы жаһандық және аймақтық үрдістерге қатысты елдің нақты тәуелсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған парасатты және прагматикалық болуға ұмтылды. Қазірдің өзінде қалыптасу кезеңінде сыртқы саясатта геосаяси факторлар (әлемдік державалармен – Ресей және Қытаймен көршілестік, АҚШ-тың жаһандық рөлі), транзиттік позиция, теңіз жолдарына тікелей шығудың жоқтығы ескерілді. Еуропа мен Азияның тоғысқан жерінде орналасқан елдің геосаяси ерекшеліктері көпвекторлы сыртқы саясатқа, әртүрлі елдермен өзара тиімді қарым-қатынас орнатуға ықпал етті.

Қазақстан түрлі жанжалдасушы тараптар арасындағы келіссөздерде өзін делдал ретінде белсенді түрде көрсете бастады

Бұған мысал ретінде Сирия бойынша Астана процесінің өткізілуін айтуға болады.

Осылайша, көпжақты негізде Қазақстанның ынтымақтастығын тұрақты және жүйелі түрде кеңейту Қазақстанның халықаралық қатынастар жүйесіндегі рөлін нығайтуға ықпал етіп қана қоймай, аймақтық тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге айтарлықтай әсер етеді.

Көпвекторлы тәсілдің жалғасы

Тұжырымдамалық негізін Нұрсұлтан Назарбаев қалаған көпвекторлы саясат Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың саясатында заңды түрде өзінің жалғасы мен сабақтастығын алуда.

Атап айтқанда, Қ.Тоқаев 2019 жылғы 12 маусымдағы инаугурацияда сөйлеген сөзінде сыртқы саяси бағыт жалғасатынын, ал Қазақстанның сыртқы саяси қызметі елге, ұлттық бизнеске, әрбір азаматқа нақты пайда әкелетінін атап өтті.

Сонымен қатар, 2020 жылғы 6 наурызда қабылданған Қазақстан Республикасының 2020-2030 жылдарға арналған Сыртқы саясат тұжырымдамасында белгілі бір жаңалықтармен қатар Нұрсұлтан Назарбаевтың көпвекторлы және прагматизмге негізделген сыртқы саясатының сабақтастығы нақты көрсетілген.

Осылайша, көпвекторлы сипат Қазақстанның халықаралық аренадағы табысты дамуының кепілі ретінде әрекет ететін Қазақстанның сыртқы саясатының айнымас қағидасы болды және болып қала береді [3].

2020 жылы Қазақстанның жаңа 2030 жылға дейінгі сыртқы саясат тұжырымдамасы қабылданды. Құжатта халықаралық қатынастар жүйесі күрделі өзгеріске ұшырағаны, әлемде сенім дағдарысы пайда болып, шиеленістердің артқаны, қауіпсіздік пен диалог бойынша көпжақты институттар функционалдығының төмендегені, алдын алу дипломатиясы және дауларды реттеу тетіктері тиімділігінің әлсірегені айтылған. Сонымен қатар халықаралық құқықтың негізін қалаушы қағидаттардың бұзылып, әлемдік деңгейде екі негізгі үрдістің – жаһандану мен ұлтшылдықтың бетпе-бет келгені, өз кезегінде мұның шағын және орта мемлекеттерге елеулі қауіп төндіретіні көрсетілген. Одан бөлек, терроризм, экстремизм, жаппай қарулану, оның ішінде зымырандық, ядролық және ғарыштық қару, климаттың өзгеруі және тағы басқалар сияқты дәстүрлі сын-тегеуріндер мен қатерлердің өрши түскені баяндалады. Осы және өзге де сын-тегеуріндер ескеріле отырып, жаңа құжат қабылданды. Президент Қ.Тоқаев 9 наурызда қол қойған тұжырымдамада Қазақстанның мемлекеттік дамудың жаңа кезеңіне шығуы және жаңа экономикалық бағыттың қалыптасуы Қазақстанның сыртқы саясатын жаңа болмыс пен сын-қатерлерге алып келетіні айтылған. Ондаған тармақтан құралған құжатта халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау, экономикалық дипломатия, адам құқықтары, гуманитарлық дипломатия және қоршаған ортаны қорғау, өңірлік және көпжақты дипломатия саласындағы басымдықтар қарастырылған. Осылайша сыртқы саясаттың

жалғасуы маңызды болып табылатына күмән жоқ. Мемлекеттердің ұлттық пайдаларын қорғауда, аймақтарындағы жағдайларға болымды және болымсыз түрде үлес қосқанда тұрақтылық маңызды орын алады. Ауқымды бір көзқарас аясында және үздіксіз сұранысы бар саясаттардың мақсаттарына жетуі - тарихи бір шындық.

Сыртқы саясаттың ортаға шығу және жүргізілу кезеңі - бір мемлекеттегі саяси мәдениеттің, басқару жүйесінің, экономикалық құндылықтардың, халықаралық конъюнктура мен ішкі саясатының жиынтығы. Демек, Қазақстанның сыртқы саясаты сабақтастығын сақтай отырып, жаңа сипатта өрбуі әбден мүмкін. Ал тәуелсіз елдің саясатында мұндай бетбұрыстар қалыпты саналады [4].

Біздің еліміз тәуелсіздік жылдары халықаралық аренада ұстанымын нығайтып, бейбітшіл және ашық мемлекет, жаһандық және өңірлік істерде сенімді әріптес ретінде орнықты. Қазақстан көпвекторлы, сындарлы және белсенді сыртқы саясатты жүзеге асыруда, қауіпсіздік, ынтымақтастық және даму салаларында жаһандық және өңірлік күн тәртібін қалыптастыру мен іске асыруда елеулі үлес қосуда. Бұл ретте ұлттық мүдделерді барынша және мызғымастықпен қорғауға, сыртқы саяси және сыртқы экономикалық басымдықтарды сындарлы түрде ілгерілетуге басты назар аударылады [5].

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері күрделі өзгерістер жолынан өтті. Мемлекеттік шекарасы жоқ, экономикалық дағдарыс жағдайында, орасан зор жұмыссыздық пен гиперинфляция жағдайында Қазақстан аймақтағы ең қарқынды дамып келе жатқан мемлекетке айналды. Бүгінде Қазақстан өзін әлемдік аренада өзінің мүддесі үшін тату көршілік пен өзара қауіпсіздік, аумақтың тұтастығы мен егемендігін құрметтеу аймағын құру болып табылатын ірі өңірлік мемлекет ретінде танылуда [2].

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 С. Батырша-ұлы. Тәуелсіздік жолындағы дипломатия, Толықтырылған 3басылым, Алматы, 2021
- 2 ҚР СІМ ресми сайты <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa>
- 3 Көпвекторлы саясат – ұтымды ұстаным: <https://aikyn.kz/95519/kopvektorlysayasat-utyndy-ustanym/>
- 4 Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2020 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы https://www.akorda.kz/kz/legal_acts/decrees/kazakstan-respublikasysyrtky-sayasatynyn-2020-2030-zhyldarga-arnalghan-tuzhyrymdamasy-turaly
- 5 Основные этапы развития внешней политики Республики Казахстан <https://interaffairs.ru/jauthor/material/2212>